

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ө.Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Күлүмжан Әсем Жанатқызы

Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растауды ұйымдастыру

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу
университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Стандарттау,
сертификаттау және
метрология кафедрасы
менгерушісі

тех. доцент, к.т.н. ЗАЩИТЕ
PhD докторы
И.К.И.Сәтбаева»
Институт Энергетики
и машиностроения
«05» 06 2025 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: «Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растауды ұйымдастыру».

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

Орындаған: Күлүмжан Әсем Жанатқызы

Рецензент

В.Г.Фесенков атындағы институтының
аға ғылыми қызметкері, PhD

Тычегулова А.Ж.
«5» 06 2025 ж.

Ғылыми жетекші

Қауымдастырылған проф

Баймаханов Ғ.А.
«04» 06 20 ж.

Алматы 2025

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық
емес акционерлік қоғамы

Ә.Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина жасау институты

Стандарттау, сертификаттау және метрология кафедрасы

6B07501 – Өнеркәсіптік инженерия

БЕКІТЕМІН

Стандарттау, сертификаттау
және метрология кафедра
менгерушісі

техн. ғылым. канд.,

PhD докторы

~~Доспунен К.Зәңгіт Д.Е.~~

ҚАЗНИИ им.К.И.Сәтбаева

Институт энергетики
и машиностроения

**Дипломдық жобаны орындауға арналған
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Күлүмжан Әсем Жанатқызы

Тақырыбы: «Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растауды ұйымдастыру».

Университет ректорының «4 желтоқсан» 2023ж. №548-П/Ө бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: 11 маусым 2025ж.

Дипломдық жұмыстың бастапқы деректері: Мақалалар, сәйкестік растау туралы заңдар, Лотте

Рахат кәсіпорынының ресми сайты.

Дипломдық жұмыста қарастырылатын мәселелер тізімі:

а) Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;

б) Сәйкестік растау түрлері;

в) «Лотте Рахат» АҚ кәсіпорнының қызметі мен құрылымы;

г) Импорттық және экспорттық өнімдердің сәйкестігін растау ерекшелігі.




Графикалық материалдар тізімі: жұмыс презентациясы _____ көрсетілген.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер: 12 атаулардан тұрады.


Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, зерттеп дайындалатын мәселелер тізім	Ғылыми жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету;	12.03.2025	Орындалды
Сәйкестік растау түрлері	08.04.2025	Орындалды
«Лотте Рахат» АҚ кәсіпорнының қызметі мен құрылымы	22.04.2025	Орындалды
Импорттық және экспорттық өнімдердің сәйкестігін растау ерекшелігі	14.05.2025	Орындалды

Аяқталған дипломдық жоба үшін, оған қатысты бөлімдердің жобасын көрсетумен, кеңесшілер мен норма бақылаушының қойған


Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, тегі, аты, әкесінің аты, (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Экономикалық бөлім	Баймаханов Ғ. А. Қауымдастырылған профессор Х.Ғ.К	26.05.25	
Еңбекті қорғау бөлімі	Баймаханов Ғ. А. Қауымдастырылған профессор Х.Ғ.К	28.05.25	
Норма бақылаушы	Турсынбаева А.Е., аға оқытушы	03.06.2025	

Ғылыми жетекші



Баймаханов Ғ. А.
Қауымдастырылған проф.

Білім алушы тапсырманы орындауға алды



Күлүмжан Ә.Ж.

Күні

« ____ » _____ 20 ____ ж

Алматы 2025

АНДАТПА

Дипломдық жұмыс Қазақстан Республикасында азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау процесін ұйымдастыру мәселесіне арналған. Жұмыста сәйкестікті растау жүйесінің теориялық негіздері ашылып, осы рәсімнің мақсаттары, міндеттері мен түрлері, соның ішінде сертификаттау және декларациялау қарастырылған.

Сәйкестікті растау жүйесіне қатысушылар мен олардың функцияларына ерекше назар аударылды. Тамақ өнімдерін сертификаттау және декларациялау рәсімдерін жүргізу тәртібі сипатталып, импорттық өнімдердің сәйкестігін растау ерекшеліктері анықталды.

Түйінді сөздер: СМЖ, Сертификаттау, аккредиттеу, инспекциялық бақылау, техникалық регламент, нормативтік-құқықтық база, декларация.

АННОТАЦИЯ

Дипломная работа посвящена вопросу организации процесса подтверждения соответствия продовольственных товаров в Республике Казахстан. В работе раскрыты теоретические основы системы подтверждения соответствия, рассмотрены цели, задачи и виды данной процедуры, в том числе сертификация и декларирование.

Особое внимание было уделено участникам системы подтверждения соответствия и их функциям. Описан порядок проведения процедур сертификации и декларирования пищевой продукции, определены особенности подтверждения соответствия импортной продукции.

Ключевые слова: СМК, сертификация, аккредитация, инспекционный контроль, технический регламент, нормативная правовая база, декларация.

ANNOTATION

The thesis is devoted to the issue of organizing the process of confirming the conformity of food products in the Republic of Kazakhstan. The work reveals the theoretical foundations of the conformity confirmation system, considers the goals, objectives and types of this procedure, including certification and declaration.

Particular attention is paid to the participants in the conformity confirmation system and their functions. The procedure for conducting the certification and declaration procedures for food products is described, and the features of confirming the conformity of imported products are identified.

Key words: QMS, certification, accreditation, inspection control, technical regulations, regulatory framework, declaration.

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

СМЖ – сапа менеджменті жүйесі

ISO – international Organization for Standardization (Халықаралық стандарттау ұйымы)

НАССР – hazard Analysis and Critical Control Points (Қауіптерді талдау және сыни бақылау нүктелері)

ҚР СТ – Қазақстан Республикасының стандарты

ҚР – Қазақстан Республикасы

ЕАЭО – Еуразиялық экономикалық одақ

GMP – good Manufacturing Practice (тиісті өндірістік практика)

КСРО – кеңестік Социалистік Республикалар Одағы

PDCA – plan-Do-CheckAct (жоспарлау-орындау-тексеру-әрекет ету)

HSA – halal services aliance

СРО – саморегулируемая организация (өзін-өзі реттейтін ұйым)

БҰҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Аккредиттеу – зертхананың белгілі бір стандарттарға сай жұмыс істейтінін ресми мойындау процесі.

Сапа менеджменті жүйесі (СМЖ) – зертханадағы сапаны қамтамасыз етуге бағытталған басқару жүйесі.

Сәйкестікті растау – нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда емес шарттарда белгіленгентаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру болып табылатын рәсім.

Сәйкестікті бағалау – өнім немесе қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру.

Инспекциялық бақылау – жаңадан салынып жатқан құрылыстарды және оның бөліктерін инспекциялық бақылаушылардың ішінара тексеруі, сонымен қатар мелиорациялық жұмыстардың белгіленген жоспары мен құрылыс нормалары мен ережелерінің талаптары бойынша тексеру.

Техникалық регламент – тауардың сипаттамасы немесе соған байланысты өндіріс процестері мен әдістерін қоса алғанда сақталуы міндетті болып табылатын әкімшілік ережелерді белгілейтін құжат.

HACCP (Hazard Analysis and Critical Control Points) – тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі.

SWOT-талдау – бұл компанияның өсу мүмкіндіктерін бағалау әдісі, ол компанияның күшті және шатқын жақтарын, сондай-ақ нарықтағы мүмкіндер мен қауіптерді ескереді.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9
1 Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растаудың негізгі қағидалары	10
1.1 Сәйкестікті растау жүйесінің мәні, мақсаттары мен қағидалары	10
1.2 Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растауды нормативтік-құқықтық базасы	13
1.3 Сәйкестікті растау туралы декларация	15
1.4 Сертификаттау кезінде жиі кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдары	17
2 Азық түлік тауарларының сәйкестігін растау процесін ұйымдастыру	19
2.1 Акционерлік қоғам «ЛОТТЕ РАХАТ» Кәсіпорнының сертификат жұмысының құрылымы	20
2.2 Сәйкестікті растау жүйесіне қатысушылар және олардың функциялары	23
2.3 Импорттық және экспорттық азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау ерекшеліктері	24
2.4 Кәсіпорын ішіндегі сапа бақылауы және сынақ жүргізу тәртібі	27
3 Тамақ өнімдерінің сертификаттауын ұйымдастыру үрдісінің талдау	29
3.2 Кәсіпорында өнімді сертификаттау рәсімін ұйымдастыруының оптимальді жолдары	30
3.3 Сапа менеджменті арқылы сәйкестікті растау жүйесінің тиімділігін бағалау	35
Қорытынды	39
Пайдаланылған әдебиттер тізімі	41
А қосымшасы	42
В қосымшасы	44
Г Қосымшасы	46

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі тұтынушылардың денсаулығы мен өмір сүру сапасын қамтамасыз етудегі маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесін ұйымдастыру және дамыту кез келген мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі болып саналады. Бұл жүйе өнімдердің белгіленген нормативтік құжаттар мен стандарттарға сәйкестігін дәлелдеу арқылы олардың қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесі ұлттық және халықаралық деңгейде стандарттау, сертификаттау және метрологиялық бақылау механизмдерін қамтиды. Әр түрлі елдерде бұл процесс әртүрлі нормативтік-құқықтық актілермен және техникалық регламенттермен реттеледі. Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау «Техникалық реттеу туралы» заңға және Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Қазіргі әлемде азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасы мәселелері ерекше өткір тұр. Бұл өндіріс пен тұтынудың ұлғаюына ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың азық-түлікке деген сұранысының артуына байланысты. Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау-тамақ өнімдерін өндірудің, сақтаудың және өткізудің барлық кезеңдерінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі тетік.

Дипломдық жұмыста тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау дегеніміз не, ол не үшін қажет, оны компаниялар қалай қолданады және мемлекет реттейді, сондай-ақ Қазақстандағы осы процестің ерекшеліктері қарастырылады. Осы дипломдық жұмыстың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесін ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеу және «ЛОТТЕ Рахат» АҚ кәсіпорнының мысалында бұл жүйенің нақты іске асырылу тәжірибесін талдау.

Жұмыстың мақсатына жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- 1) Сәйкестікті растаудың теориялық негіздерін қарастыру;
- 2) Отандық нормативтік-құқықтық базаны талдау;
- 3) Сертификаттау және декларациялау үрдістерінің ерекшеліктерін анықтау;
- 4) Кәсіпорын мысалында сәйкестікті растау жүйесінің ұйымдастырылуын сипаттау;
- 5) Сәйкестікті растау жүйесін жетілдіру жолдарын ұсыну.

Зерттеу пәні – сәйкестікті растау рәсімдерінің мазмұны, құрылымы және тиімділігі.

Зерттеу объектісі – Қазақстан Республикасындағы тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесі және нақты мысал ретінде «ЛОТТЕ Рахат» АҚ.

1 Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растаудың негізгі қағидалары

Қазақстанда тамақөнімдерінің сәйкестігін растау процесі мемлекеттік деңгейде реттеледі және міндетті де, ерікті де сертификаттауды қамтиды. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті сияқты мемлекеттік органдар нарықтағы азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асырады.

Сертификаттау процесінде ұлттық стандарттау жүйесі шешуші рөл атқарады, ол азық-түлікке, оларды таңбалауға, орауға және тасымалдауға қойылатын талаптарды анықтайды. Бұдан басқа, Қазақстан халықаралық ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл жасайды және азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі мәселелері бойынша халықаралық келісімдерге қатысады, бұл ұлттық сертификаттау жүйесінің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануына ықпал етеді.

Азық-түлік өнімдерінің сәйкестігін растау азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің маңызды құралы болып табылады. Қазақстанда, көптеген басқа елдердегідей, бұл процесті халық денсаулығын қорғау және азық-түлік тауарлары нарығының тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет мұқият реттейді. Өндірушілер мен импорттаушылар өз кезегінде өз өнімдерінің белгіленген стандарттар мен талаптарға сәйкестігіне жауап береді.

Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау – бұл қазіргі заманғы азық-түлік қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз етудің маңызды аспектісі. Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі адам денсаулығына тікелей әсер етеді, сондықтан оларды өндіру, сақтау және өткізу барысында қатаң бақылау мен стандарттарға сәйкес келу қажет. Сәйкестікті растау процесі азық-түлік өнімдерінің белгіленген талаптарға, стандарттарға және нормативтік құжаттарға сай келетіндігін тексеруге бағытталған. Бұл процесс тек өндірушілер мен тұтынушылар үшін ғана емес, сонымен қатар мемлекет үшін де маңызды, себебі ол азық-түлік нарығындағы адал бәсекелестікті қамтамасыз етеді және халықтың денсаулығын қорғауға көмектеседі. Осы орайда, азық-түлік тауарларының сәйкестігін растаудың негізгі қағидаларын түсіну және оларды тиімді жүзеге асыру – бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі [1].

1.1 Сәйкестікті растау жүйесінің мәні, мақсаттары мен қағидалары

Сәйкестікті растау – бұл уәкілетті органдардың өнімнің техникалық регламенттерге, стандарттарға немесе өзге де нормативтік құжаттарға сәйкестігін растау рәсімі.

Бұл құжат азық-түлік тауарларының сәйкестігін растаудың негізгі қағидаларын, мақсаттарын, міндеттерін, нысандарын, схемаларын және тәртібін қарастырады. Сәйкестікті растау азық-түлік сапасы мен қауіпсіздігін арттыру, тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және техникалық регламенттердің талаптарын орындау үшін маңызды. Сәйкестікті растау процесі азық-түлік өнімдерінің белгіленген стандарттарға, нормаларға және қағидаларға сәйкестігін анықтауға бағытталған. Бұл процесс азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігін, сапасын және тұтынушылық қасиеттерін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.


Жүйенің мақсаттары:

- тұтынушылардың денсаулығы мен өмірі үшін өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- сапасыз өнімнің нарыққа шығуына жол бермеу;
- тұтынушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- қауіпсіз өнімнің нарықта еркін айналымына ықпал ету.

Сәйкестікті растау қағидалары.

Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеу саласындағы нормативтік базасын құрайтын әртүрлі өнімдердің айналымы туралы халықаралық келісімдермен және басқа да құжаттармен, Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерімен реттелмеген, өнімге және өніммен байланысты үдеріске қойылатын талаптар бөлігінде техникалық регламенттермен, стандарттармен немесе шарттардың талаптарымен белгіленген талаптарға, өнімге немесе көрсетілетін қызметтердің (сәйкестікті декларациялау немесе сертификаттау түрінде) сәйкестігін растау кезінде қолданылады [1].

Қағидалар сәйкестікті міндетті және ерікті растау кезінде қолданылады. Сәйкестікті растау нысандары міндетті және ерікті болып бөлінеді (схема №1). Міндетті сәйкестікті растау заңнамалық талаптарға сәйкес жүргізіледі және сертификаттау немесе декларациялау түрінде болуы мүмкін. Ерікті сәйкестікті растау өнімнің сапасын жақсарту мақсатында өндірушінің бастамасы бойынша жүргізіледі.



1-схема – Сертификаттау растау нысандары

Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Аккредиттеу-аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада техникалық реттеу объектілерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құзыреттілігін ресми танитын рәсім;

2) Аккредиттеу саласы - аккредиттеу қолданылатын, ресми танылған сәйкестікті бағалау объектілері;

3) Инспекциялық бақылау - «Сәйкестікті растау мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 26 наурыздағы №331 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10979 болып тіркелген), сертификатталған өнімнің, процестің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі аккредиттелген орган жүзеге асыратын тексеру;

4) Міндетті сертификаттау-сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімі;

5) Өнімді, көрсетілетін қызметті сәйкестендіру - белгілі бір өнімді, көрсетілетін қызметті ерекшелейтін белгілері бойынша біржақты тануды қамтамасыз ететін рәсім;

6) Өнімнің және процестердің қауіпсіздігі (бұдан әрі – қауіпсіздік) - қауіпті фактордың іске асу ықтималдығы мен оның зардаптарының ауырлық деңгейінің ұштасуын ескере отырып, адамның өміріне, денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне зиян келтіруіне байланысты жол берілмейтін қауіп-қатердің болмауы;

7) Сәйкестік белгісі - өнімнің, көрсетілетін қызметтің техникалық регламенттерде, стандарттар мен өзге де құжаттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін растау рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабардар етуге арналған белгі;

8) Сәйкестікті ерікті растау - дайындаушының (орындаушының) немесе сатушының бастамасы бойынша жүргізіліп, өнімнің, көрсетілетін қызметтің, үдерістік стандартқа, өзге де құжатқа немесе өтінім берушінің арнайы талаптарына сәйкестігін растауды жүзеге асыратын рәсім;

9) Сәйкестікті міндетті растау - өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау арқылы жүзеге асырылатын рәсім;

10) Сәйкестікті растау - нәтижесі объектінің техникалық регламенттерде, стандарттарда немесе шарттарда белгіленген талаптарға сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім [2].

1.2 Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растауды нормативтік-құқықтық базасы

Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау – өнімнің белгіленген талаптарға, стандарттарға және техникалық регламенттерге сәйкестігін тексеру және құжаттық растау процесі. Бұл процесс бірнеше кезеңнен тұрады және келесідей ұйымдастырылады:

Нормативтік-құқықтық базаны анықтау:

Алдымен азық-түлік тауарларына қатысты қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілер зерттеледі:

- 1) ҚР «Техникалық реттеу туралы» Заңы;
- 2) ҚР «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы;
- 3) ЕАЭО(Еуразиялық экономикалық одақ) техникалық регламенттері;
- 4) Мемлекеттік стандарттар (СТ РК) және халықаралық стандарттар (ISO, НАССР).

Сәйкестікті бағалау түрін анықтау.

Азық-түлік өнімдерінің түріне байланысты сәйкестікті растау келесі нысандарда жүргізілуі мүмкін:

- Декларациялау;
- Сертификаттау.

Декларациялау – өндіруші немесе жеткізуші өз өнімінің белгіленген талаптарға сәйкестігін өзі растайды.

Сертификаттау – өнімнің сәйкестігін аккредиттелген органның тәуелсіз тексеруі арқылы растау.

Азық-түлік өнімдерінің сәйкестігін растау белгілі бір нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады. Бұл құжаттар өнім сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған [2].

Кесте 1 – Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі негізгі нормативтік-құқықтық актілер

Құжат атауы	Мазмұны	Қолдану саласы
Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» заңы	Өнімнің, қызметтің және процестердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды белгілейді.	Барлық өнімдер, оның ішінде азық-түлік тауарлары
ЕАЭО Техникалық регламенттері	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдер үшін бірыңғай қауіпсіздігі	Азық-түлік өнімдері, қаптама, тамақ қоспалары

1-кестенің жалғасы

ҚРМемлекеттік стандарттары (ҚР СТ)	Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігіне қойылатын ұлттық талаптар.	Қазақстандағы барлық өндіріс және импорттық өнімдер
ISO 22000 стандарты	Азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйесі.	Халықаралық стандарт, тамақ өнеркәсібі
НАССР жүйесі	Өнімді өндіру және сақтау барысында қауіпті факторларды бақылау жүйесі.	Тамақ өндірісі, сақтау және тасымалдау
Codex Alimentarius	Халықаралық азық-түлік стандарттары, тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар.	Ғаламдық деңгейдегі тамақ өнімдері

Сәйкестікті растау схемалары өнімнің түріне және өндіріс процесіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Сериялық өнімдерді сертификаттау схемасы белгілі бір уақыт арасында үздіксіз шығарылатын өнімдерге қолданылады. Бұл схема өнімнің тұрақты сапасын қамтамасыз етуге бағытталған. Партияларды сертификаттау схемасы белгілі бір мөлшердегі өнімдерге қолданылады. Бұл схема өнімнің әр партиясының сапасын тексеруге мүмкіндік береді [2].

Кесте 2 – Сәйкестікті растау схемалары

Сериялық өнімдерді сертификаттау	Белгілі бір уақыт аралығында үздіксіз шығарылатын өнімдерді сертификаттау.
Партияларды сертификаттау	Белгілі бір мөлшердегі өнімдерді сертификаттау.
Өндірісті бағалау және сертификаттау	Өндіріс процесінің талаптарға сәйкестігін бағалау және сертификаттау.
ISO 22000 талаптарына сәйкестігін растау	Азық-түлік қауіпсіздігін басқару жүйесінің халықаралық стандартқа сәйкестігін растау.

Қазақстанда сертификаттаудың келесі түрлері қолданылады:

- Міндетті сертификаттау: міндетті сертификаттауға жататын өнімдер тізіміне жататын өнімге қатысты жүргізіледі. Бұл тізімді Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді. Міндетті сертификаттау өнімді Қазақстан аумағында айналымға жіберудің шарты болып табылады.

- Ерікті сертификаттау: ерікті сертификаттау міндетті сертификаттауға жатпайтын өнімге қатысты жүргізіледі. Өндіруші өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау мақсатында ерікті сертификаттауды өз бетінше шеше алады. Ерікті сертификаттау өндірушіге нарықтағы өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұтынушылардың сенімін арттыруға көмектеседі.

- Менеджмент жүйесін сертификаттау: менеджмент жүйесін сертификаттау ұйымының менеджмент жүйесіне қатысты жүзеге асырылады, мысалы, сапа менеджмент жүйесі(ISO 9001), қауіпсіздік менеджменті жүйесі (ISO 45001), қоршаған ортаны басқару жүйесі (ISO 14001) және т.б. менеджмент жүйесін сертификаттау ұйымға жұмыс тиімділігін жақсартуға және қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуге көмектеседі [3].

1.3 Сәйкестікті растау туралы декларация

Сәйкестік туралы декларация дайындаушыға, айналысқа шығатын өнімнің, көрсетілетін қызметтің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат.

Сәйкестікті декларациялау мынандай қажеттіліктен туындайды:

- Сәйкестікті міндетті растау тәртібіне икемділік беруден;
- Базарда сатылатын өнімнің қауіп-қатерлігін арттырмай оған жұмсалатын шығын мөлшерін азайтудан;
- Тайналымын арттырудан;
- Мемлекетаралық сауданы жақсартудан және Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруіне қолайлы жағдай туғызудан.

Дайындаушы сәйкестікті міндетті түрде дәлелдей алуы керек.

Дәлелдеме астындағы тізім ретінде болуы мүмкін:

- Өнімге дайындаушының өзі өткізген сынақтың немесесынақ зертхана ларында өткізілген сынақтың протоколы;
- Шикізатқа, материалдарға, жинақталған бұйымдарға берілген растау сертификаты немесе сынақ хаттамалары;

Сәйкестік туралы декларацияны қабылдау тәртібі:

Өнімнің сәйкестігін сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы растау рәсімі отандық тауар өндірушілерді қолдау және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сертификаттау жүйесінде сертификаттауға жұмсалатын шығындарды азайту мақсатында енгізілген. Бірақ өнімнің сәйкестігін сәйкестік туралы декларацияны қабылдау арқылы растау отандық өнімдерге ғана таралады және импортталатын өнімдерге қолданылмайды. Сәйкестік туралы декларация міндетті сертификаттауға жататын және «Сәйкестігін сәйкестік» туралы декларацияны қабылдау арқылы растау рұқсат етілген өнімдердің тізіліміне енгізілген өнімдерге қатысты қолданылады.

Өнімді жеткізуші (шығарушы, сатушы) сәйкестік туралы декларацияны өнімнің өзіне қойылатын талаптарға сәйкес келетінін растайтын құжаттардың негізінде қабылдайды. Мұндай құжаттарға жатады:

- өнімнің үстінен шығарушымен (тапсырушымен) және компетентный сынақ зертханаларымен жүргізілген бақылау сынақтарының хаттамалары;
 - өнімге бұрыннан берілген күшіндегі сәйкестік сертификаттар және шикізатты, материалдарды, комплекттеуші бұйымдарды сынау хаттамалары;
 - стандарттардың талаптарының орындалуын мемлекеттік қадағалау актілері (стандарттардың талаптары бұзылмаған жағдайда);
 - өнімнің (шикізаттың, өндіріс процесінің, буыпөту, маркалаудың) тағайындалған талаптарға сәйкестігін растаушы құжаттар, сапа жүйесінің немесе шығарушы кәсіпорынның өндірісінің сәйкестік сертификаты және т.б.
- Сәйкестік туралы декларация нақты өнім немесе олардың сәйкестікті растайтын бірыңғай талаптар қойылатын біртекті өнімдер топтарына қатысты қабылдануы мүмкін. Сәйкестік туралы декларация МемСтандартпен бекітілген форма бойынша толтырылады.

Сәйкестік туралы декларация мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) Өтініш берушінің атауы мен орналасқан жері;
- 2) Объектіні сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сәйкестікті растау объектісі туралы ақпаратты;
- 3) Техникалық регламенттің атауын, оның талаптарына сәйкестігіне өнім расталатын;
- 4) Мақсатты белгілеуге сәйкес оны пайдалану және өтінім берушінің өнімнің техникалық регламентте белгіленген талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдаған кезде өнімнің қауіпсіздігі туралы өтініш;
- 5) Жүргізілген зерттеулер (сынақтар) мен өлшемдер туралы, сапа менеджменті жүйесінің сертификаты туралы, сондай-ақ өнімнің техникалық регламенттерде белгіленген талаптарға сәйкестігін растау үшін негіз болған құжаттар туралы мәлімет;
- 6) Сәйкестік туралы декларацияның қолдану мерзімі;
- 7) Тиісті техникалық регламенттерде көзделген өзге де ақпарат:

Өнім міндетті сертификаттауға/декларациялауға жататынын қалай білуге болады?

Егер өнім ҚР техникалық регламенттерінің немесе ЕАЭО/КО ТР қолданысына түссе, сондай-ақ егер өнім Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 620 бірыңғай құжаттарды бере отырып, Кеден одағы шеңберіндегі сәйкестікті міндетті бағалауға (растауға) жататын өнімнің бірыңғай тізбесі шешімінің қолданысына түссе, өнім міндетті сертификаттауға декларациялауға жатады.

Өнімнің әрбір түрі үшін сәйкестікті растау нысаны (сертификат немесе декларация) тиісті техникалық регламентпен айқындалады.

Өнімді сертификаттау/декларациялау жөніндегі жұмыстарға ақы төлеуді өтініш беруші шарттық негізде жүзеге асырады.

1.4 Сертификаттау кезінде жиі кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдары

Сәйкестікті растау және сертификаттау процесі күрделі және көп сатылы процедура болғандықтан, кәсіпорындар бұл кезеңде түрлі қиындықтарға тап болады. Бұл бөлімде сертификаттау кезінде жиі кездесетін мәселелер мен оларды шешу жолдары қарастырылады [4].

Жиі кездесетін мәселелер

- 1) Құжаттардың толық және дұрыс рәсімделмеуі;
 - Өтінімге қажетті барлық құжаттар ұсынылмаған немесе ескірген нұсқада болуы мүмкін.
- 2) Сынақ хаттамаларының сәйкес болмауы;
 - Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасы жөніндегі зертханалық нәтижелер тиісті стандарттарға сай емес.
- 3) Халықаралық стандарттар талаптарының дұрыс түсіндірілмеуі;
 - ISO, HACCP немесе Halal талаптары кәсіпорында толықтай орындалмаған немесе құжат түрінде расталмаған.
- 4) Сертификаттау органымен дұрыс байланыс орнатылмауы;
 - Өтінім беруші мен сертификаттау органы арасындағы түсініспеушілік процестің кешігуіне әкелуі мүмкін.
- 5) Қызметкерлердің біліктілік деңгейінің жеткіліксіздігі;
 - Сапа және сәйкестік мәселелеріне жауапты мамандардың арнайы даярлықтан өтпеуі.

Шешу жолдары

- 1) Құжаттық дайындықты алдын ала пысықтау;
 - Құжаттар тізімін мұқият тексеріп, олардың жаңартылған нұсқаларын ұсыну.
- 2) Аккредиттелген зертханамен жұмыс істеу;
 - Өнім сынақтарын тек ресми түрде танылған зертханаларда өткізу.
- 3) Стандарттар бойынша оқыту және біліктілікті арттыру;
 - ISO, HACCP, GMP сияқты жүйелер бойынша персоналға тренингтер өткізу.
- 4) Ішкі аудит жүргізу;
 - Сертификаттау алдындағы дайындық шеңберінде кәсіпорын ішінде алдын ала тексеру жүргізу.
- 5) Кәсіби кеңесшілердің қызметіне жүгіну;
 - Сертификаттаудың барлық кезеңін сапалы жүргізу үшін сыртқы сарапшыларды тарту.

Сертификаттау процесі өнім сапасын арттыру мен нарыққа шығу мүмкіндігін кеңейтудің тиімді тетігі. Алайда ол арнайы дайындықты, стандарттарды дұрыс түсінуді және кәсіби тәсілді талап етеді. Жоғарыда көрсетілген шешу жолдарын қолдану арқылы кәсіпорын сертификаттаудан тиімді өте алады [5].

2 Азық-түлік тауарларының сәкестігін растау процесін ұйымдастыру

Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі адам денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сондықтан мұндай өнімдерді өндіру, тасымалдау және сату барысында сәкестікті растау процесін ұйымдастыру — кәсіпорынның негізгі міндеттерінің бірі. Азық-түлік өнімдерінің сәкестігін растау процесінің кезеңдері, талаптары және жауапты органдар қарастырылады.

Соңғы жылдары сәкестікті растау процесі электрондық форматқа көшірілуде. Мысалы, E-Sert.kz порталы арқылы өнімді декларациялау мен сертификаттауға өтініш беруге болады. Бұл кәсіпорындар үшін уақытты үнемдейді және процесті жеңілдетеді.

Сәкестікті растау схемасы (Кесте №3) — өнімнің, қызметтің немесе процестің белгіленген талаптарға сәкестігін бағалау мен құжаттық растау әдістемесі. Әр түрлі өнім түрлеріне және өндіріс ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі схемалар қолданылады. Қазақстан Республикасында сәкестікті растау рәсімдері ЕАЭО техникалық регламенттеріне және ұлттық стандарттарға негізделеді.

Негізгі схемаларға мыналар жатады:

- Сериялық өнімдерді сертификаттау (1с схема)
- Партиялық өнімдерді сертификаттау (3с схема)
- Өндіріс жағдайларын бағалау негізіндегі сертификаттау (5с схема)
- Декларациялау негізіндегі сәкестікті растау (6д, 7д схемалар) [6].

Кесте 3 - Сәкестікті растау схемасы

Схема атауы	Сипаттамасы	Қолдану жағдайы	Артықшылықтары мен шектеулері
1с – Сериялық сертификаттау	Бірнеше рет және тұрақты түрде шығарылатын өнім партияларына қолданылады.	Ірі өндірістік кәсіпорындарда кеңінен қолданылады.	Артықшылығы – үнемділік пен ұзақ мерзімділік. Шектеуі – бастапқы бақылау күрделі болуы мүмкін.
3с – Партиялық сертификаттау	Бір реттік немесе шектеулі партияға қолданылады.	Импортталған немесе сирек шығарылатын өнімдерге арналған.	Жылдам рәсімделеді, бірақ әр партия үшін жеке рәсім қажет.
5с – Өндірістік жағдайларды бағалау	Өнім ғана емес, өндіріс процесі де бағаланады.	Жоғары қауіпсіздік талаптары бар өнім	Сапаны кешенді бақылауға мүмкіндік береді,

3-кестенің жалғасы

6д/7д – Декларациялау	Өндіруші өнімнің сәйкестігін өзі растайды.	Төмен қауіп тобындағы өнімдерге қолданылады.	Арзан және икемді, бірақ өндірушіге жауапкершілік жүктеледі.
--------------------------	---	---	--

Әрбір схема белгілі бір өнім түрі мен өндірістік жағдайларға сәйкес таңдалады. Сертификаттау схемасын дұрыс таңдау сәйкестікті растау процесінің тиімділігіне тікелей әсер етеді. Сондықтан өндіруші немесе импорттаушы қолданыстағы нормативтік құжаттарды ескере отырып, оңтайлы схеманы таңдауы тиіс.

2.1 Акционерлік қоғам «ЛОТТЕ РАХАТ» Кәсіпорнының сертификат жұмысының құрылымы

Ұлы Отан соғысының ауыр жылдарында Қазақстанда алғашқылардың бірі болып кондитерлік азық-түлік тауарларына қатысты қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілер өнеркәсіп пайда болды. Бастапқыда зауыт қуаттылығы орташа болды – өнімнің алғашқы партиясы жылына шамамен 900 тоннаны құрады. Осы уақытта «Ликерный», «Мятная», «Козинаки» және «Пальмира» карамелінің өндірісі қолға алынды. Сонымен қатар күнжіт қосылған жаңа өнім түрлері – мысалы, «Помадка сливочная» және «Кунжутная», «Алма-Атинка», «Зимняя», «Орловская» кәмпиттері әзірленді. 1944 жылы зауыт «Эстампе» жоғары сортты шоколадын шығара бастады. Ал фабрикадағы өнім көлемі 2,4 мың тоннаға дейін ұлғайды. Соғыстан кейінгі жылдары алғаш рет фабрикада жабдықтарды қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Фабрика цехтары қызметкерлерді ауыр қол еңбегінен босатуға мүмкіндік беретін жаңа жабдықтармен толықтырылды. Жаңа жабдықты іске қосқаннан кейін өнімділік 40%-ға өсті, ал технологиялық процестер мен өндірісті ұйымдастыру ісі бір жолға қойылған соң, фабриканың орташа жылдық қуаты 13,9 тоннаға дейін артты.

1991 жылы КСРО ыдырағаннан кейін Президенттің Мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру және акционерлік капиталдың жеке нысанға өту мүмкіндігі туралы Жарлығы шықты, сөйтіп 1992 жылы фабрика «Рахат» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды, ал жыл соңында кәсіпорынның ең жоғарғы азық-түлік тауарларына қатысты қолданыстағы заңнамалық және нормативтік актілер өндіріс көлемі-32мың тоннаға жетті.

Ерекше дәмі мен жоғары сапасының арқасында бірнеше жыл ішінде «Рахат» кәмпиттері Қазақстанда ең танымал кондитер өнімдеріне айнала бастады.

Осылайша «Рахат» брендімен шығарылған өнім енді әлемді жаулап алуға бел буады. «Рахат» АҚ кондитерлік өнімдері алғаш рет 1997 жылы Қырғызстанға экспортталады. Ал 2001 жылы Өзбекстан Республикасына жеткізілімдер жүзеге асырыла бастайды. Қазақстан Кеден одағына енген сәттен бастап, кәсіпорын өнімдерін ресейлік тұтынушылар да көптеп сатып ала бастайды, ал 2011 жылдан бастап «Рахат» өнімдері Моңғолия мен Қытайға экспорттала бастады.

2013 жылдан бері сапа менеджменті жүйесі енгізіліп, сертификатталған. 2018 жылы «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ СРО Алматы филиалы сапа менеджменті жүйесінің ҚР СТ ISO 9001-2016 талаптарына сәйкестігін растайтын инспекциялық аудит жүргізді KZ.7500318.07.03.00457 жылға дейін қолданылу мерзімі бар № 22.06.2019 сәйкестік сертификаты берілді.

2013 жылы НАССР (тәуекелдерді талдау және бақылаудың сыни нүктелері) қағидаттары негізінде тамақ өнімдерінің сапасын басқару жүйесі Қазақстан Республикасының СТ 1179-2003 мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкестігіне енгізілді және сертификатталды.

Бұл жүйені енгізудің негізгі себебі Кеден Одағының КО ТР 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламентін қабылдау және қолданысқа енгізу болды, ол тәуекелдерді талдау және сыни бақылау нүктелері арқылы тамақ қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды регламенттейді. «Рахат» АҚ-да НАССР жүйесін енгізу тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы белгіленген және заңнамалық талаптарға сәйкестігін растады және көрнекі түрде көрсетті.

2018 жылғы тамызда «Ұлттық сараптама және сертификаттау орталығы» АҚ СРО Алматы филиалы «ЛОТТЕ Рахат» АҚ НАССР жүйесінің инспекциялық аудиті шеңберінде №KZ.7500318.07.03.00458 сәйкестік сертификатының қолданылуын растады.

Энергия тиімділігін арттыру мақсатында «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-да 2014 жылы ИСО 50001:2011 энергия менеджменті жүйесі әзірленіп, сертификатталды.

ASTRAIA Certification, s.r.o., Көпір 13,949 01 Нитра, Словакия EnMS-2354-2014 дейін жарамдылық мерзімі 06.11.2017 № сертификат берілді.

Жүйені енгізу «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ға кәсіпорынның энергия ресурстарын тұтынуын орташа алғанда 7-13% -ға төмендетуге мүмкіндік береді: энергия ресурстарының анықталған ұтымсыз ысыраптарын жою және энергия үнемдеудің операциялық әлеуетін іске асыру; кәсіпорында энергия

ресурстарын тұтыну нормаларын есептеу және жоспарлау жүйесін енгізу; кәсіпорынның энергетикалық паспортын әзірлеу; энергетикалық қызметтен атмосфераға ЛЗ шығарындыларын реттеу және микроклиматты жақсарту.

2016 жылдан бастап «ЛОТТЕ Рахат» акционерлік қоғамы Халал талаптарына сәйкес келетін өнім шығару құқығын алды. «Халал Индустрия» қауымдастығы «ЛОТТЕ Рахат» АҚ өнімдерінің 186 атауының, оның ішінде шоколад, кәмпиттер, карамель, печенье, ирис, вафли, сондай-ақ шоколад өндірісінің жартылай фабрикаттарының Халал стандартына сәйкестігін растады. Қауымдастық сарапшылары «ЛОТТЕ Рахат» АҚ өндірісінің барлық кезеңдерін, соның ішінде Шымкент өндірістік алаңын тексерді. Кондитерлік өнімдерді өндіру үшін шикізат пен ингредиенттерге арналған құжаттамаға мұқият талдау жүргізілді.

«Рахат» компаниясы тексеруден сәтті өтіп, «Halal Services Aliance» (HSA) басшылығымен өнім шығаруға мүмкіндік беретін өз өнімдерінің белгілі бір позицияларына Халал сертификатын алды.

Халал сертификатын алу алдында ұзақ уақыт бойы қажырлы еңбек болды. Сертификаттау орталығының сарапшылары өндірістің барлық кезеңдерімен танысып, кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған шикізат пен Ингредиенттерге құжаттаманы талдады. Өз кезегінде кәсіпорын қызметкерлері Халал талаптарына оқытудан өтті және Халал стандарттарына сәйкес өнім өндірісінің ерекшеліктерімен танысты. Барлық іс-шаралар өткізілгеннен кейін қазіргі уақытта сертификатқа енгізілген өнімдер анықталды, бұл «Рахат» АҚ өнімдерінің 122 атауы, оның ішінде шоколад, кәмпит, карамель, печенье, ирис, вафли, сондай-ақ шоколад өндірісінің жартылай фабрикаттары. Перспективада пайдаланылатын шикізатты Халал талаптарына сай келетін шикізатқа ауыстыруға қарай кондитерлік өнімдердің тізбесін кеңейту көзделген.[7]

«Рахат» АҚ кондитерлік өнімдері Өзбекстан, Тәжікстан, Әзірбайжан, Ауғанстан, Түрікменстан сияқты елдердегі тұтынушылар арасында ұзақ уақыт бойы жоғары сапалы өнім ретінде беделге ие болды. Сертификаттың болуы осы елдердегі сату көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді және Иран мен Пәкістанның жаңа нарықтарын игеру перспективаларын ашады

«Қазақстанның халал индустриясы» қауымдастығы шоколад, кәмпит, карамель, печенье, ирис, вафля, сондай-ақ шоколад өндіруде қолданылатын жартылай дайын өнімдерден құралған «ЛОТТЕ Рахат» АҚ өнімдерінің 225 атауының «Халал» стандарты талаптарына сәйкестігін растады. Қауымдастық сарапшылары Шымкенттегі өндіріс алаңымен қоса «ЛОТТЕ Рахат» АҚ өндірісінің барлық сатыларын тексерді. Кондитерлік өнімдер өндіруде қолданылатын шикізаттар мен ингредиенттерге қатысты құжаттамалар бойынша мұқият талдау жүргізілді. 2025ж. 28 наурызда қолданыс мерзімі 2026


жылғы 27.03-ға дейін белгіленген № АНІККЗ – 472 сертификаты берілді. 2025 жылғы 30 наурызда «Рахат-Шымкент» ЖШС қолданыс мерзімі 2026 жылғы 29.03-ға дейін белгіленген № АНІККЗ- 471 сертификатын иеленді.

«ЛОТТЕ РАХАТ» АҚ азық-түлік өнімдерін сертификаттау процесін ұйымдастыруда бірнеше бөлімшелер мен мамандарды қамтиды. Кәсіпорынның сертификаттау жұмысының құрылымы келесі элементтерден тұрады:

- Сертификаттау бөлімі: Сәйкестікті растау процесін ұйымдастыру, құжаттарды дайындау және рәсімдеу.
- Сапа бақылау бөлімі: Өнімнің сапасын бақылау, сынақтар жүргізу және нәтижелерді талдау.
- Заңгерлік бөлім: Нормативтік-құқықтық актілерді зерттеу, сәйкестікті растау туралы декларацияларды рәсімдеу.

2.2 Сәйкестікті растау жүйесіне қатысушылар және олардың функциялары

«Лотте Рахат» Сәйкестікті растау жүйесі (ЛРС) – бұл Қазақстан Республикасында қолданылатын сәйкестікті растау жүйесі. Оның негізгі мақсаты – өнімдердің, қызметтердің және процестердің стандарттарға, техникалық регламенттерге және нормативтік құжаттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.



2-схема – «Лотте Рахат» АҚ Басқару құрылымы

Негізгі қатысушылар:

- 1) Сертификаттау органдары;
- 2) Уәкілетті мемлекеттік орган (ҚР Сауда және интеграция министрлігі);
- 3) Аккредиттеу жүйелері;
- 4) Зертханалары;
- 5) Өндірушілер мен өнім жеткізушілер.

Сәйкестік туралы декларацияны тіркеу және ресімдеу:

1)Қажетті құжаттары бар декларацияны дайындаушы (орындаушы) өзі таңдап алған бір ғана СРО-ға тіркеуге жібереді.

2)Өнімнің сәйкестігі туралы декларация аккредиттеу саласы осы өнім түрін қамтитын СРО-да тіркелуі тиіс.

3)Декларация бланкілерде рәсімделеді және оған дайындаушы (орындаушы) ұйымның басшысы қол қояды.

4)Сәйкестік туралы декларацияның жарамдылық мерзімі аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде, сәйкестік туралы декларацияның бірінші данасы және сәйкестікті растау үшін дәлел ретінде пайдаланылатын материалдар өтініш берушіде, ал сәйкестік туралы декларацияның екінші данасы – оны тіркеген сәйкестікті растау жөніндегі СРО-да сақталады.

5) Тізілімге декларацияны қабылдаған өтініші берушінің атауы, оның мекенжайы, декларацияның тіркеу нөмірі мен сәйкестігі расталған өнімнің түрі, декларацияның қолданылу мерзімі жазылады.

6) Тіркелген декларациялардың тізілімін СРО берілген сертификаттардың тізілімінен бөлек жүргізеді.

7) Декларацияда тіркеу мәліметтері (декларацияны тіркеген СРО-ның атауы мен мекенжайы, оның тіркелген күні, декларацияның тіркеу нөмірі) көрсетіледі және бірінші басшының немесе ол өкілеттік берген адамның қолымен және СРО-ның мөрмен расталады.

8) Декларацияда оның әрекеті қолданылатын өнімнің тізбесі бар көшірмелер мен қосымша болуы мүмкін. Декларацияның көшірмелері өтініш беруші басшысының қолымен және мөрмен (заңды тұлға үшін) расталады.

9) Декларацияда көрсетілген стандарттау жөніндегі техникалық регламент және нормативтік құжаттардың талаптары өзгерген, сондай-ақ заңды тұлға қайта ұйымдастырылған кезде дайындаушы (орындаушы) осы Қағидаларға сәйкес жаңа декларацияны ресімдейді.

2.3 Импорттық және экспорттық азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау ерекшеліктері

Азық-түлік қауіпсіздігі - бұл экономикалық қауіпсіздіктің ажырамас бөлігі және олардың екі жақты қарым-қатынасын айқындайды. Кез келген мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын дамытуда азық-түлік қауіпсіздігін алатын орны ерекше. Сонымен қатар басқа қауіпсіздіктердің түрлерімен

салыстырғанда, экономикалық қауіпсіздіктің құрамына кіретін азық-түлік қауіпсіздігі біріншісі және негізі болып табылады. Халықаралық стандарттары бойынша тұрғындардың өмір сүру сапасын арттырудағы, өмірді қамтамасыз етудің стратегиялық ұлттық басымдылықты іске асырудың басты шарты демографиялық саясатының негізгі құрамдас бөлігі мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігін сақтап қалу үшін елдің экономикалық қауіпсіздігінің негізгі құрамы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндет болып табылады. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында «импорталмастыру» түсінігі, отандық қуатты, заманауи агроөнеркәсіптік кешендерді құруға бағытталған, азық-түлік нарығында бірнеше бөліктерде ауыл шаруашылығымен айналысатын кешендерде өндірісті дамыту болып табылады. Бұрынғы Кеңес Одағы, оның ішінде Қазақстанда мемлекеттің басқару тәжірибесінде импорталмастыру стратегия ретінде әзірленіп, пайдаланылмаған, бірақ басқару жүйесінде оның элементтері (шектеу, квоталау, лицензиялау және т.б.) қолданылған.

Импортты және экспортты алмастыру күрделі жүйе, отандық өндірісті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған шаралар жиынтығы болып табылады. Отандық тауар өндірушілердің ғылыми және өндірістік әлеуетін дамыту мемлекет тарапынан толықтай қолдау болғанда ғана, ол оң нәтижесін береді. Отандық өндірісті дамытуға қолайлы жағдай жасау үшін, мемлекет қабылдаған шараларды, өндіріске енгізу арқылы нәтижелі болады деп көрсете аламыз.

«Лотте Рахат» АҚ кірісіндегі экспорт көлемі 22%-ды құрайды. Кәсіпорын, ең алдымен, қазақстандық тұтынушылардың сұранысын қанағаттандыруды көздейді, алайда кәсіпорын өнімдерін экспорттау, оның ішінде шоколадтардан басқа да өнім түрлері бар, көбінесе көршілес елдер арқылы жүзеге асырылуда. Тәттілер дәл осы көрші мемлекеттер арқылы шетелдерге де жөнелтіледі. Қазақстанда өндірілетін тәттілердің негізгі тұтынушыларының қатарында Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Армения, Әзірбайжан, Қытай және Германия.

Сонымен бірге отандық тәттілер енді Грузия мен Израильге де жөнелтілетін болады.

Әйгілі қазақстандық шоколад өндіретін «Лотте Рахат» компаниясы финотчетте 2023 жылы өз өнімдерін қай елдерге экспорттағанын және одан қанша ақша тапқанын айтты. Тізімде Ауғанстан пайда болды-мұнда қазақстандық тәттілер алғаш рет 23,7 млн теңгеге сатылды.

«Лотте Рахат» кірісі 2023 жылы 83,5-тен 94,3 млрд теңгеге дейін өсті. Компания өз өнімдерін сатты:

Кесте 4 – «ЛОТТЕ Рахат» компаниясының 2023 және 2024 жылғы табыс деңгейінің айырмашылығы

Ел	2023 жылғы табыс млрд	2023 жылы табыс млрд
Қазақстан	76,9 млрд теңге	2023 жылы – 66,1 млрд
Ресейд	11,1 млрд теңге	2023 жылы – 10,8 млрд
Қырғызстан	3,09 млрд теңге	2023 жылы – 3,02 млрд
Өзбекстан	2,074 млрд теңге	2023 жылы – 2,086 млрд
Моңғолия	368 млн теңге	2023 жылы – 303 млн
Тәжікстан	305 млн теңге	2023 жылы – 421 млн
Германия	305 млн теңге	2023 жылы – 213 млн
Өзірбайжан	34 млн теңге	2023 жылы – 358 млн
Ауғанстан	23.7 млн теңге	2023Жылы сату болған жоқ

Импорттық азық түлік тауарларының сәйкестігін растаудағы негізгі ерекшеліктері:

- 1) Халықаралық стандарттарға сәйкестік;
- 2) Санитарлық және ветеринарлық бақылау;
- 3) Таңбалау және ақпараттық сәйкестік;
- 4) Кедендік рәсімдеу және декларациялау;
- 5) Тестілеу және аккредиттелген зертханаларда сараптама жүргізу.

Кесте 5 – Импорттық азық тауарларының сәкестігін растау кезеңдері

№	Кезеңдер	Мазмұны	Ерекшеліктері
1	Құжаттық тексеру.	Өнімнің сертификаттары мен сәйкестік құжаттарын зерттеу.	Импорттаушы елдің стандарттары мен талаптарына сәйкес келуі керек.
2	Өнімнің физикалық тексерісі.	Өнімнің сапасы, қаптамасы, таңбалануы тексеріледі.	Таңбалауда өндіруші, жарамдылық мерзімі, құрамы толық көрсетілуі тиіс.
3	Зертханалық сынақтар.	Өнімнің қауіпсіздігі мен сапасын анықтау үшін сынамалар алынады.	Бактериологиялық, химиялық, токсикологиялық зерттеулер жүргізіледі.
4	Сәйкестік сертификатын беру.	Өнім стандарттарға сәйкес келсе, сертификат беріледі.	Сертификатсыз өнім сатылымға шығарылмайды.

5-кестенің жалғасы

5	Импорттық бақылау және қадағалау	Өнім нарыққа шыққаннан кейін оның сапасы қадағаланады	Уақыт өте келе қайта тексерулер жүргізіледі
---	----------------------------------	---	---

Сертификаттар мен құжаттардың халықаралық танылуы:

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ қазіргі таңда өнімдерін Германия, Ресей, Өзбекстан, Моңғолия, Ауғанстан және тағы басқа елдерге экспорттайды. Бұл елдердің әрқайсысы әртүрлі құжаттар мен сертификаттарды талап етеді. Мысалы:

- Германия: ISO 9001 және HACCP жүйесі бойынша сәйкестікті растау міндетті;

- Ауғанстан және Пәкістан: Halal сертификатының болуын талап етеді;

- Ресей және ЕАЭО елдері: ЕАЭО техникалық регламенттеріне сәйкестік қажет;

Таңбалау және тілдік талаптар:

Экспорттық өнімдердің таңбалануы тиісті елдің тіліне аударылуы керек.

Мысалы, Еуропа елдеріне экспортталатын өнімдерде:

1) Құрамы, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары, өндіруші туралы мәліметтер ағылшын және жергілікті тілде көрсетілуі міндетті;

2) Halal өнімі болса — арнайы белгі қойылады.

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ тәжірибесі

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ экспортқа шығатын өнімдері үшін бірқатар халықаралық стандарттарды енгізіп, растаудан өткен:

3) ISO 9001:2016 – сапа менеджменті жүйесі;

4) HACCP – тамақ қауіпсіздігі жүйесі;

5) Halal стандарты – 225 өнім атауы сертификатталған;

6) ISO 50001 – энергия тиімділігін басқару.

Бұл сертификаттар кәсіпорынға келесі артықшылықтар береді:

7) Импорттаушы елдерде өнімді кедергісіз тіркеу;

8) Сапаға деген тұтынушы сенімін арттыру;

9) Сауда серіктестерінің талаптарына сай болу [4].

2.4 Кәсіпорын ішіндегі сапа бақылауы және сынақ жүргізу тәртібі

Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде ішкі өндірістік бақылау маңызды рөл атқарады. Кәсіпорындарда сәйкестікті растау тек сыртқы сертификаттаумен шектелмей, өндірістің әр кезеңінде сапаны ішкі бақылау жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесі бірнеше негізгі кезеңнен тұрады:

1) Шикізатты қабылдау кезінде бастапқы бақылау;

2) Өндіріс барысында технологиялық процестерді бақылау;

- 3) Дайын өнімнің физикалық-химиялық, микробиологиялық сынау;
- 4) Қаптау, сақтау және тасымалдау талаптарының сақталуын бақылау.

Ішкі сынақтардың негізгі түрлері:

- 1) Физика-химиялық сынақтар:

- Ылғалдылық, майлылық, қышқылдылық, энергетикалық құндылығы және т.б. анықталады.

- 2) Микробиологиялық сынақтар:

- Патогенді бактериялардың (мысалы, сальмонелла, ішек таяқшасы) болуы тексеріледі.

- 3) Органолептикалық сынақтар:

- Түс, иіс, дәм, құрылым секілді тұтынушылық қасиеттер бағаланады.

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ тәжірибесі

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ ішкі сапа бақылау жүйесін ISO 9001 және HACCP стандарттарына сәйкес ұйымдастырған. Кәсіпорынның өз зертханасы бар, ол барлық дайын өнім мен шикізаттың сынамаларын зерттейді. Зертханада заманауи жабдықтар қолданылып, сынақ нәтижелері құжат түрінде тіркеледі. Әрбір өнім партиясы нарыққа шығарылмас бұрын, сапа және қауіпсіздік бойынша тексеруден өтеді [8].

3 Тамақ өнімдерінің сертификаттауын ұйымдастыру үрдісінің талдау

«LOTTE Рахат» АҚ – қант диабетімен ауыратындар үшін арнайы өнімдер шығаруды игерген Қазақстандағы жалғыз кондитерлік компания. Бұл ассортимент құрамында калориясы төмендетілген шоколадтың, кэмпиттер, печенье және вафлидің бірнеше түрі және қантты баламалы табиғи шикізатпен алмастыру кіреді. «LOTTE Рахат» АҚ өнімдерінің қазақстандық кондитерлік өнімдердің басқа өндірушілерінің арасындағы айрықша ерекшелігі - кең ассортиментімен ерекшеленетін шоколад өнімдерінің басымдылығы. Компания бір жауапкершілікке және кешенді сапаны бақылау жүйесіне негізделген ішкі сапа жүйесін ұйымдастырды және басқарады. Бұл жүйе өндірістің әрбір сатысында шикізат пен өнімдердің сапасын бақылауды қамтиды.

Тамақ өнімдерін сертификаттау – өнімдердің қауіпсіздігін, сапасын және стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында жүргізілетін ресми рәсім. Қазақстанда бұл процесс техникалық реттеу мен метрология талаптарына сәйкес жүзеге асырылады [9].

Сертификаттау үрдісінің кезеңдері:

1) Өтініш беру

- Кәсіпорын сәйкестік сертификатын алу үшін аккредиттелген сертификаттау органына өтініш береді.

- Өтінішке өнім туралы құжаттар, оның ішінде техникалық сипаттамалар, өндіріс жағдайлары туралы мәліметтер қоса тіркеледі.

2) Құжаттарды талдау

- Сертификаттау органы өнімнің нормативтік құжаттарға сәйкестігін тексереді.

- Өнімге қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының техникалық регламенттері мен стандарттарында көрсетіледі.

3) Зертханалық сынақтар

- Өнім үлгілері аккредиттелген зертханаларда тексеріледі.

4) Физикалық-химиялық, микробиологиялық және токсикологиялық талдаулар жүргізіледі.

5) Өндірісті бағалау

- Өндіріс орнына сарапшылар барып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын тексереді.

- Қажет болған жағдайда сапа менеджменті жүйесінің сертификатталғаны тексеріледі.

6) Шешім қабылдау және сертификат беру

- Барлық сынақтар мен тексерулер нәтижесінде сәйкестік сертификаты беріледі немесе бас тарту жөнінде шешім шығарылады.

- Сертификат белгілі бір мерзімге (әдетте 1–3 жыл) беріледі.

7) Келесі бақылау және инспекциялық тексеріс

8) Өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі тұрақты түрде бақыланады

Кәсіпорын өнімдерінің сәйкестігін растау рәсімдері нақты стандарттар мен техникалық регламенттерге негізделіп жүзеге асады. Сертификаттау процесі жоспарлы түрде өткізіледі және өнім түріне қарай әртүрлі құжаттармен сүйемелденеді [9].

Кесте 6 – «ЛОТТЕ Рахат» АҚ бойынша соңғы үш жылдағы өнім түрлері мен сәйкестік құжаттарының саны

Жыл	Сертификатталған өнім түрлері	Сәйкестік туралы декларациялар	Халықаралық стандарттарға сәйкестік (ISO, HACCP)
2022 жыл	26	18	ISO 22000:2018, HACCP
2023 жыл	31	20	ISO 22000:2018, HACCP
2024 жыл	34	23	ISO 22000:2018, HACCP, Halal

Талдау: Кестеден байқағанымыздай, соңғы жылдары өнім түрлерінің де, сәйкестік құжаттарының да саны тұрақты түрде өсуде. Бұл кәсіпорынның өнім қауіпсіздігі мен сапасына деген жауапкершілігінің артқанын көрсетеді.

Кесте 7 – Өнім түрлері бойынша сәйкестік құжаттарының үлесі (%)

Өнім түрі	Сертификаттар үлесі	Декларациялар үлесі
Шоколад өнімдері	42%	33%
Карамель және конфет	35%	41%
Печенье, вафли	23%	26%

Қорытынды: Карамель мен печенье өнімдері көбіне декларациялау рәсімі арқылы расталады, ал шоколад өнімдері міндетті сертификаттауға жиі түседі. Бұл олардың нарықтағы маңыздылығы мен экспорттық көлемімен байланысты болуы мүмкін.

3.2 Кәсіпорында өнімді сертификаттау рәсімін ұйымдастыруының оптимальді жолдары

Қазіргі заманғы нарықтық экономикада өнімнің сапасы мен қауіпсіздігі басты орын алады. Сол себепті өнімді сертификаттау кәсіпорындар үшін тек заң талабы ғана емес, сонымен қатар тұтынушылардың сенімін арттырудың

тиімді құралы болып табылады. Бұл Жобада кәсіпорында өнімді сертификаттау рәсімін тиімді ұйымдастыру жолдары қарастырылады.

Кәсіпорын ең алдымен өнімнің қандай сертификаттауға жататынын нақтылап алуы керек. Бұл үшін Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңдарын, техникалық регламенттерді, мемлекеттік және халықаралық стандарттарды зерттеу қажет.

Өнімді сертификаттау көп сатылы күрделі процесс болғандықтан, оны тиімді жоспарлау керек. Жоспарда төмендегідей қадамдар қамтылады:

- 1) Қажетті құжаттарды жинау,
- 2) Аккредиттелген органмен байланысу,
- 3) Сынақтардан өту мерзімдерін белгілеу,
- 4) Жауапты мамандарды бекіту.
- 5) Ішкі бақылау және сапа жүйесін енгізу

Кәсіпорында ішкі сапа бақылау жүйесі болғаны өте маңызды. Бұл үшін:

- 6) ISO 9001 сапа менеджменті жүйесін енгізу,
- 7) HACCP, GMP тәрізді стандарттарды қолдану,
- 8) Сапаға жауапты бөлім немесе мамандарды тағайындау ұсынылады.

Енді кішігірім HACCP стандарттары туралы қозғай кететін болсақ, Қазақстандағы HACCP жүйесі қауіпті талдауға және сыни бақылау нүктелеріне негізделген азық-түлік қауіпсіздігін басқарудың халықаралық деңгейде мойындалған әдісі болып табылады.

2015 жылдан бастап тамақ өнімдерін өндірумен, сақтаумен және сатумен айналысатын кәсіпорындар HACCP қағидаттарына негізделген тамақ өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйелерін әзірлеуге және енгізуге міндетті. Бұл талап шикізаттан бастап дайын өнімге дейінгі бүкіл өндіріс процесіне қатысты.

Қазақстанда HACCP енгізуді реттейтін негізгі нормативтік құжаттар:

- Кеден одағының «Азық-түлік өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» техникалық регламенті (ТР КО 021/2011);
- «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Мемлекеттік стандарттар (МемСт және ҚР СТ), халықаралық талаптармен үйлестірілген.

HACCP жүйесі азық-түлік тізбегінің барлық кезеңдерінде, өндіріс процесінің кез келген нүктесінде, сондай-ақ қауіпті жағдай туындау мүмкіндігі бар өнімдерді сақтау және өткізу кезінде бақылауды қамтамасыз етеді.

Азық-түлік өнімдерін өндіруде бірыңғай ережелер мен принциптерді кешенді түрде енгізу, сертификаттау және нормативтік талаптардың сақталуын жүйелі түрде мұқият бақылау бірден-бір дұрыс шешім болуы мүмкін.

НАССР (қауіпті талдау және маңызды бақылау нүктелері) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесі кәсіпорын деңгейінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің тиімді құралы ретінде танылған.

Бүкіл әлемде НАССР жүйесінің принциптерін анықтайтын негізгі бастапқы дереккөздер БҰҰ Алиментариус кодексінің комиссиясының нұсқаулары болып табылады (Joint FAO/WHO Codex Alimentarius Комиссия – Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының бірлескен комиссиясы).

НАССР – өнімнің қауіпсіздігіне елеулі әсер ететін қауіпті факторларды жүйелі анықтауды, бағалауды және басқаруды қамтамасыз ететін тұжырымдама. Бұл жүйе тамақ өнімдерін өндірудің барлық кезеңдерінде, қауіпті жағдайлар туындауы мүмкін өнімдерді өндіру, сақтау және өткізу процесінің кез келген нүктесінде бақылауды қамтамасыз етеді және бірінші кезекте тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындарына арналған.

Тұжырымдаманы әзірлеушілер азық-түлік өнімдерін тұтынумен байланысты тәуекелдердің барлық ықтимал түрлерін болдырмау және жою үшін сыни бақылау нүктелері деп аталатындарды анықтауды қарастырады.

НАССР жүйесін енгізу үшін өндірушілерден өздерінің өнімі мен өндіріс әдістерін зерттеп қана қоймай, сонымен қатар осы жүйені және оның талаптарын шикізатты, қосалқы материалдарды жеткізушілерге, сондай-ақ көтерме және бөлшек сауда жүйесіне қолдану талап етіледі.

Азық-түлік өнімдерін өндіру (дайындау) процестерін жүзеге асыру кезінде НАССР қағидаттарына негізделген рәсімдерді енгізу және қолдау талабы 2013 жылы Кеден одағының ТР КО 021/2011 «Азық-түлік қауіпсіздігі туралы» Техникалық регламентіне 2011 жылғы 9 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының азық-түлік тауарларын өндірушілеріне, осыған байланысты Қазақстанның барлық аумағындағы азық-түлік өнімдерін өндірушілерге, 2011 ж. НАССР стандарттарына сәйкес келмейтін тауарлар Кеден одағының және шет елдердің нарықтарына шыға алмайды [10].

Кәсіпорында өнімді сертификаттау рәсімін ұйымдастырудың оптимальді жолдары бірнеше кезеңдерден тұрады. Олардың әрқайсысы өнімнің сапасын, қауіпсіздігін және стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етуге бағытталған. Міне, осы рәсімді ұйымдастырудың негізгі кезеңдері:

Кесте 8 – Кәсіпорында сертификат рәсімін ұйымдастыру кезеңдері

Кезең	Сипаттама	Жауапты тұлға	Мерзімі	Ескертпелер
Нарықты зерттеу	Экспортқа шығатын нарықтарды анықтау	Маркетинг бөлімі	01.01.2023 - 15.01.2023	Нарықтың талаптарын зерттеу
Өнімді таңдау	Экспортқа шығарылатын өнімдерді таңдау	Өндіріс бөлімі	16.01.2023 - 20.01.2023	Сұранысқа сәйкес өнімдер
Құжаттарды дайындау	Экспорттық құжаттарды (контракт, декларация) дайындау	Заңгерлер	21.01.2023 - 25.01.2023	Құжаттардың дұрыстығын тексеру
Логистика	Жеткізу жолдарын және тасымалдау әдістерін анықтау	Логистика бөлімі	26.01.2023 - 30.01.2023	Тасымалдау шығындарын есептеу
Тапсырыс беру	Тапсырысты ресімдеу және жеткізу кестесін жасау	Сату бөлімі	01.02.2023 - 05.02.2023	Тапсырыс берушімен келісу
Жеткізу	Өнімді экспорттау	Логистика бөлімі	06.02.2023 - 10.02.2023	Жеткізу мерзімін бақылау
Төлемдерді алу	Төлемдерді алу және есеп айырысу	Қаржы бөлімі	11.02.2023 - 15.02.2023	Төлем шарттарын тексеру
Кері байланыс	Тапсырыс берушіден кері байланыс алу	Сату бөлімі	16.02.2023 - 20.02.2023	Келесі экспорт үшін ұсыныстар

Энергияны пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында «Рахат» АҚ-да 2014 жылы ISO 50001 энергия менеджменті жүйесі әзірленді және оны «ASTRAIA Certification, s.r.o., Моста 13,949 01 Нитра, Словакия» сертификаттау органы сертификаттаудан өткізіп, кәсіпорынға қолданыс мерзімі 2017ж. 06 қарашаға дейін белгіленген № EnMS-2354-2014 сертификаты берілген.

Жүйенің енгізілуі компанияға мына мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: Энергия қорларының анықталған тиімсіз шығындарын жою және қуатты үнемдеудің операциялық әлеуетін саралау; өнеркәсіпке есеп айыру жүйесін енгізу және қуат қорларын пайдалану нормаларын жоспарлау; кәсіпорынның энергетикалық паспортын жасау; қуат көздерінен атмосфераға ЗВ зиянды заттардың таралуын ретке келтіру және микроклиматты жақсарту арқылы кәсіпорынның қуат қорларын пайдалану мөлшері орташа есеппен 7-13%-ға төмендетіледі;

Технологиялық қажеттілікке және шаруашылық пен тұрмысқа керекті суды тиімді әрі орынды пайдалану үшін кәсіпорында су қорларын басқару жүйесі үнемі жетілдірілуде, яғни суды пайдалану бойынша есептегіш құралдарды орнату, айналымдық сумен жабдықтау жүйесімен қамтамасыз ету,

суды және жуғыш заттардың пайдаланылуын бақылау жолға қойылған. «Жасыл» экономикаға өтудегі маңызды бағыттардың бірі—өндірістегі қалдықтарды жою және оларды пайдалану, сондай-ақ қайта қолданылатын өнімретіндепайдалану.

«Рахат» АҚ-ның кондитерлік өндірісі технологиясы түгелдей қалдықсыз өнім өндіруге негізделген: шоколад кәмпиттерді өндіру кезінде какао бұршағы қабықтарының қалдығы ауыл шаруашылығында және жануарлардың жеміне қоспа ретінде қолданылады; органикалық қатты қалдықтар шаруашылықта жануарларды бордақылау үшін пайдаланылады; қолданылған қаптамаларды кері қайратуға немесе қайта өңдеуге болады. Тұрмыстық қатты қалдықтар қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттар талаптарына сәйкес келісім негізінде жойылады. Қосалқы цехтарда өнім өндіру және пайдалану нәтижесінде пайда болған қауіпті қалдықтар — сынаптан тұратын шамдар, пайдаланылған майлар, істен шыққан аккумуляторлық батареялар жою жұмыстарын жүргізу лицензиясы бар, мамандандырылған кәсіпорынға тапсырылады. Қоршаған ортаны қорғау саласында «Рахат» АҚ-дағы басты міндеттердің бірі—ауаның ластануын азайту.

Бұл мақсатқа жету үшін «Рахат» АҚ-да ауаны ластайтын зиянды заттардың шығарылу деңгейін төмендету үшін техникалық параметрлері салалық ғылым мен техника дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес келетін ПӘК (пайдалы әсер коэффициенті) жоғары жабдықтарды қолдану, цехтағы жұмыстардың қарқындылығын қамтамасыз ететін өндірісті автоматтандыру деңгейін үнемі арттыру, технологиялық процестердің қажетті өлшемдерін қатаң сақтау сияқты іс-шаралар жүзеге асырылады.

Шикізат пен материалдарды таңдауға айрықша көңіл бөлінеді: отандық және шетелдік диетологтардың, экологтардың, медицинадағы түрлі бағыттардың нұсқауларына сәйкес келетін экологиялық тұрғыдан таза шикізаттар қолданылады. Шикізат сапасын және өндірістің барлық сатысын тұрақты түрде бақылау, технологиялық процестерді үнемі жетілдіріп отыру өнімнің жоғары деңгейдегі микробиологиялық тазалығын қамтамасыз етеді.

«Рахат» АҚ-нда тоқсан сайын өндірістік экологиялық бақылау және қоршаған орта жағдайын анықтау мақсатында жыл сайын мониторинг жүргізіледі.

Өнімді сертификаттаудың тиімді процесін ұйымдастыру үшін Қазақстанда талаптар мен стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ететін білікті ұйымды таңдау маңызды. Төменде осы салада қызмет көрсететін кейбір сертификаттау компаниялары ұсынылған:

Қазақстанда өнімді сертификаттаумен айналысатын бірнеше білікті ұйымдар бар. Олардың кейбірі:

1) Қазақстан Республикасының Стандарттау және сертификаттау жөніндегі комитеті - мемлекеттік орган, өнімдер мен қызметтердің стандарттарға сәйкестігін бақылау және сертификаттау жұмыстарын жүргізеді.

2) Техникалық реттеу және метрология комитеті - өнімдер мен қызметтердің сапасын қамтамасыз ету, стандарттау және сертификаттау бойынша жұмыстарды атқарады.

3) Сертификаттау орталықтары - мысалы, «КазСертификат», «КазТест», «Сертификаттау орталығы» және т.б. Бұл ұйымдар әртүрлі өнімдер мен қызметтерді сертификаттау бойынша қызмет көрсетеді.

5) ISO стандарттары бойынша сертификаттау ұйымдары – «SGS Kazakhstan», «Bureau Veritas», «TÜV Rheinland» сияқты халықаралық сертификаттау компаниялары, олар ISO стандарттарына сәйкес сертификаттау қызметтерін ұсынады.

6) Сапа менеджменті жүйелері бойынша консалтингтік компаниялар - олар өнімді сертификаттау процесінде көмек көрсету, стандарттарға сәйкестікті қамтамасыз ету және сапа менеджменті жүйелерін енгізу бойынша қызметтер ұсынады.

7) Сертификаттау компаниясын тандағанда, олардың тәжірибесі, аккредитациясы, клиенттердің пікірлері және ұсынылатын қызметтердің сапасы сияқты факторларды ескеру маңызды [11].

3.3 Сапа менеджменті арқылы сәйкестікті растау жүйесінің тиімділігін бағалау

Сапа менеджменті жүйесінің (СМЖ) тиімділігін бағалау өнім мен қызмет сапасының жоғары стандарттарын қамтамасыз ету мен қолдаудың негізгі элементі болып табылады. СМЖ тиімділігін жүйенің қойылған мақсаттар мен талаптарға қаншалықты сәйкес келетінін анықтауға және одан әрі жетілдіру бағыттарын анықтауға көмектесетін бірқатар әдістер мен құралдарды қолдану арқылы бағалауға болады. Төменде СМЖ тиімділігін бағалаудың негізгі жолдары берілген.

Ішкі аудит;

Ішкі аудиттерді жүргізу: Тұрақты ішкі аудиттер процестер мен процедуралардың СМЖ стандарттары мен талаптарына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді. Аудит сонымен қатар жақсартуға мүмкіндік беретін ықтимал тәуекелдер мен сәйкессіздіктерді анықтайды.

Көрсеткіштерді талдау;

Негізгі өнімділік көрсеткіштерін (KPI) өлшеу: Тұтынушының қанағаттануы, тапсырыс циклінің уақыттары, сынықтар мен қайта өңдеу

мөлшерлемелері сияқты КРІ көрсеткіштерін анықтау және қадағалау СМЖ процестерінің тиімділігін бағалауға көмектеседі.

Клиенттерден кері байланыс;

Клиенттерден кері байланыс жинау және талдау: Тұтынушының кері байланысы өнім мен қызмет сапасы және тұтынушылардың қанағаттануы туралы құнды ақпарат береді. Бұл жақсарту және дамыту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Үздіксіз жетілдіру процесі;

Үздіксіз жетілдіру принциптерін қолдану: Сапа менеджменті жүйесі процесті үздіксіз жақсарту механизмдерін қамтамасыз етуі керек. PDCA (Plan-Do-CheckAct) және Кайзен сияқты әдістер СМЖ-ны жүйелі түрде жақсартуға көмектеседі.

Озық тәжірибелермен салыстыру;

Салыстыру:Тәжірибелер мен нәтижелерді саладағы ең жақсыларменсалыстыру СМЖ қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін және жақсартуға болатын мүмкіндіктерді көрсете алады.

Стандарттардың талаптарына сәйкестігін бағалау;

Халықаралық стандарттарға сәйкес сертификаттау: ISO 9001 сияқты стандарттар бойынша сертификат алу және қолдау СМЖ халықаралық деңгейде мойындалған сапа талаптарына сәйкес келетінін растайды.

СМЖ тиімділігі жүйені үздіксіз бақылауға, қайта қарауға және жетілдіругебайланысты. Үздіксіз жақсартуды және жоғары сапалы өнімдер мен қызметтерді қамтамасыз ету үшін өнімділікті өлшеу компанияның күнделікті қызметіне біріктірілуі керек [12].



3-схема – Сапа менеджментінің принциптері

Сәйкестікті растаудың сапа менеджментіне әсері

Сәйкестікті растау сапа менеджменті жүйесінің ішкі және сыртқы бақылау функцияларын күшейтеді. Сертификаттау мен декларациялау арқылы өнімнің тұтынушы алдындағы сенімділігі артады. Бұл кәсіпорынның

нарықтағы беделін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін күшейтеді. Сонымен қатар, сапа менеджменті жүйесі талаптарына сәйкес өнім өндіру — халықаралық стандарттарға сай жұмыс істеудің кепілі.

Сәйкестікті растау сапа менеджменті жүйесінің үздіксіз жақсару принципіне де әсер етеді. Себебі бұл процесс өндірістік кезеңдердегі әлсіз тұстарды анықтауға және оларды жетілдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, кәсіпорын ішкі аудит пен сыртқы тексерістер арқылы өз сапа көрсеткіштерін ұдайы жақсартуға ұмтылады.

Қорыта айтқанда, сәйкестікті растау сапа менеджменті жүйесінің маңызды бөлігі болып табылады. Ол өнімнің, қызметтің немесе процестің тұтынушы қажеттілігі мен заңнамалық талаптарға сәйкестігін дәлелдеумен қатар, кәсіпорынның сапа мәдениетін нығайтып, тиімді басқаруға жол ашады.

Нақтылай кететін болсақ;

1) Нарықтағы бәсекелестік: Сәйкестікті растау ұйымның өнімдері мен қызметтерінің сапасын растайтын сертификаттарды алуға мүмкіндік береді. Бұл сертификаттар нарықта бәсекелестік артықшылықтарын қамтамасыз етеді, себебі тұтынушылар сапалы өнімдер мен қызметтерді таңдайды.

2) Тұтынушылардың сенімі: Сәйкестікті растау тұтынушылардың сенімін арттырады. Сертификатталған өнімдер мен қызметтер тұтынушыларға сапа мен қауіпсіздік кепілдігін береді, бұл олардың сатып алу шешімдеріне оң әсер етеді. Тұтынушылардың сенімі ұйымның нарықтағы позициясын нығайтады.

3) Сапа менеджменті жүйесінің жетілдірілуі: Сәйкестікті растау процесі ұйымның ішкі процестерін, сапа менеджменті жүйесін жетілдіруге ықпал етеді. Аккредитация алу үшін ұйымдар өздерінің сапа стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз етуі керек, бұл олардың ішкі бақылау және басқару жүйелерін жақсартуға әкеледі.

4) Халықаралық стандарттарға сәйкестік: Сәйкестікті растау халықаралық стандарттарға (мысалы, ISO стандарттары) сәйкестікті қамтамасыз етеді. Бұл ұйымның халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттырады, себебі халықаралық клиенттер мен серіктестер аккредиттелген ұйымдарға көбірек сенеді.

5) Құқықтық және нормативтік талаптарға сәйкестік: Сәйкестікті растау ұйымның құқықтық және нормативтік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл ұйымның заңды мәселелерден қорғалуына және нарықтағы тұрақтылығына ықпал етеді.

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ның сәйкестікті растау және сапа менеджменті жүйесі дамыған және халықаралық стандарттарға негізделген. Алайда бұл жүйенің тиімділігіне әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар да бар. Осы факторларды анықтау және талдау мақсатында SWOT-талдау жүргізілді.

Кесте 9 – «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ның сәйкестікті растау жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
ISO 9001, HACCP, ISO 50001, Halal секілді халықаралық стандарттарға сәйкестік	Сертификаттау рәсімдеріне кететін шығындардың жоғары болуы
Өнім сапасына қатаң ішкі бақылау жүйесінің енгізілуі	Барлық өнім түрлерін толық сертификаттау қажеттілігі туындауы мүмкін
Аккредиттелген зертханалармен тұрақты байланыс және сынақ өткізу тәжірибесі	Импорттық стандарттар мен талаптарға әрқашан толық бейімделу қиындықтары
Экспортқа бағытталған өндірісте сәйкестік талаптарын ескерудің жоғары деңгейі	Кадрлардың арнайы халықаралық стандарттар бойынша білімін үнемі жетілдіру қажеттілігі
«Жасыл» технологиялар мен экологиялық стандарттарға сәйкестік	HACCP, Halal жүйелерін үнемі қайта растау қажеттілігі — адами және уақыт ресурстарын талап етеді

Жүргізілген SWOT-талдау «ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ның сәйкестікті растау жүйесі бірқатар артықшылықтарға ие екенін көрсетті. Алайда кәсіпорынға сыртқы қауіптерге икемді бейімделу, сертификаттау рәсімдерінің шығынын оңтайландыру және қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағытында жұмыс жүргізу маңызды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жұмыста Қазақстан Республикасында тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесін ұйымдастыру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Жұмыстың теориялық бөлігінде сәйкестікті растаудың мәні, мақсаттары, қағидалары мен нормативтік-құқықтық негіздері талданды. Сәйкестікті растаудың сертификаттау және декларациялау түрлері, олардың қолдану аясы мен тәртібі сипатталды.

Зерттеу объектісі ретінде қарастырылған «ЛОТТЕ Рахат» АҚ кәсіпорнының мысалында тамақ өнімдерін сертификаттаудың нақты үрдісі сарапталды. Кәсіпорынның сапа менеджменті жүйесі, атап айтқанда ISO 9001, HACCP, ISO 50001 стандарттары негізінде жүзеге асырылатын сертификаттау тәжірибесі оның өнімдерінің жоғары сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретіні көрсетілді.

Азық-түлік тауарларының сәйкестігін растау — адам өмірі мен денсаулығы үшін маңызды қадам. Өнім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін бұл процесті тиімді ұйымдастыру қажет. Бұл кәсіпорынның беделін арттырып, заңға сәйкес жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету — қазіргі заманғы кәсіпорындар үшін басты басымдықтардың бірі. Бұл міндетті жүзеге асыруда сәйкестікті растау процесі маңызды рөл атқарады. Сәйкестікті растау — өнімнің, қызметтің немесе процестің нормативтік талаптарға сәйкес келетінін дәлелдейтін кешенді шаралар жүйесі. Бұл процесс тұтынушылардың денсаулығын қорғап қана қоймай, отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға да ықпал етеді.

Сертификаттау және декларациялау рәсімдері кәсіпорындарға ішкі өндірістік бақылау жүйелерін жетілдіруге, құжат айналымын тәртіпке келтіруге және сапа менеджменті жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Әсіресе, сапа менеджменті жүйесіне сәйкестікті растаудың әсері ерекше: ол тұрақты жетілдіру принциптеріне негізделген сапалы өндіріс мәдениетін қалыптастырады.

Цифрландыру дәуірінде сәйкестікті растау үдерістері жеңілдеп, онлайн платформалар арқылы жылдам әрі тиімді рәсімделуде. Бұл өз кезегінде кәсіпорындардың уақыт пен ресурстарын үнемдеуге жағдай жасайды.

Қорыта келгенде, сәйкестікті растау — бұл жай ғана формалды талап емес, кәсіпорынның сенімділігі мен сапаға деген ұстанымын көрсететін негізгі көрсеткіш. Ол өндіріс мәдениетін нығайтып, тұтынушы мен мемлекет алдындағы жауапкершілікті арттырады. Кәсіпорындар бұл үдерісті дұрыс және тиімді ұйымдастырса, ішкі басқару жүйесі де жетіліп, сапа менеджменті тұрақты дамитын болады.

Жұмыс нәтижесінде төмендегідей негізгі қорытындылар жасалды:

Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесі – тұтынушылардың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды құрал болып табылады;

Міндетті және ерікті сертификаттау рәсімдері өнім сапасын арттырып, отандық және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз етеді;

Импорттық өнімдерді сертификаттау мен декларациялау үдерістерінің өзіндік ерекшеліктері бар және олар халықаралық стандарттармен үйлесімді жүргізілуі қажет;

«ЛОТТЕ Рахат» АҚ-ның тәжірибесі тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі тиімді сертификаттау мен сапа менеджменті жүйесінің маңызын айғақтайды.

Жүргізілген зерттеу негізінде тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесін жетілдіру үшін келесі ұсыныстар берілді:

- 1) Сертификаттау рәсімдерін автоматтандыру және цифрландыру үдерісін жеделдету;
- 2) Кәсіпорындарда сапа менеджменті жүйелерін енгізу мен дамытуға мемлекет тарапынан қолдау көрсету;
- 3) Сәйкестік туралы декларация рәсімін жеңілдету арқылы отандық өндірушілердің жүктемесін азайту;
- 4) Халықаралық стандарттарға көшу үшін кадрлардың біліктілігін арттыру және оқу бағдарламаларын жетілдіру.

Жалпы алғанда, дипломдық жұмыс барысында қойылған мақсаттар мен міндеттер толық көлемде орындалды. Жүргізілген зерттеу жұмысы Қазақстандағы сәйкестікті растау жүйесінің қазіргі жай-күйі мен даму перспективаларын көрсетуге мүмкіндік берді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының «Техникалық реттеу туралы» Заңы. – Астана: Юрист, 2020. – 48 б.
- 2 Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңы. – Астана: Әділет, 2019. – 36 б.
- 3 Алиев Т.Т. Тағам өнімдерін стандарттау және сертификаттау. – Алматы: Экономика, 2020. – 256 б.
- 4 ЛОТТЕ Рахат АҚ ресми сайты – www.rakhat.kz/kz/o-kompanii/
- 5 Баймаханов Ғ.А. Сертификаттау жүйесіндегі заманауи әдістер. – Алматы: Сапа, 2021. – 190 б.
- 6 Codex Alimentarius. International Food Standards. – FAO/WHO, Rome. Қолжетімді: <https://www.fao.org/fao-who-codexalimentarius> (Кіру күні: 10.05.2025)
- 7 ҚР Сауда және интеграция министрлігі сайтындағы техникалық реттеу құжаттары.
- 8 Стандарттау, сертификаттау және метрология бойынша дәрістер жинағы – Satbayev University.
- 9 ҚР заңнамалық нормативтік-құқықтық актілер базасы <https://adilet.zan.kz/kaz/>
- 10 НАССР жүйесі бойынша әдістемелік нұсқаулық. – ҚР ДСМ, 2021.
- 11 МемСт 33647-2015. Продукты пищевые. Требования безопасности и методы контроля. – М.: Стандартиформ, 2015. – 18 с.
- 12 СТ РК ISO 22000:2019. Тағам өнімдерінің қауіпсіздігін басқару жүйесі. – Астана: ҚР СИМ Техникалық реттеу комитеті, 2019.

А қосымшасы



КЕДЕН ОДАҒЫ СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ ДЕКЛАРАЦИЯ

Заявитель "Автоматическое Котлы" ЖШС, БСН 131140021331

Резидент РК 23.11.13 № 673-ө-1930-01-ЖШС ш.с. тұл. жемлек. тір. тур. аяқ.; Қарағанды к., Молоков көнесі, 82; 8-701-527-39-97
autokethy@gmail.com

Бердін Д.А. директоры

тұлғасында

Құтты КСӨБ ұзақ жанытын жалпықын қазықастыры, , 30 кВт; 40 кВт; 60 кВт; 100 кВт; сериялық өндіріс.

есепшігін табарлайды

КО СЭҚ ТН КОДЫ 8403109000

Дайындаушы Компания, "Автоматическое Котлы" ЖШС

Қарағанды қаласы, Молоков көнесі, 82;

18.10.11ж. № 823 Кеден одағы комиссиясының шешімімен бекітілген КО ТР 010/2011 "Машиналар және жабдықтаулар
кәсіпшілігі туралы";

талантарына сәйкес

Сәйкестік туралы декларация "Ұлттық ССО" АҚ ҚФ "Бұзылмайтын бақылау
және автокөлік құралдарының" СЗ 29.05.14ж. берген № 1056-14 сынақ хаттамасы, КЗ.18.10.0212;

негізінде қабылданған

Қосымша ақпараттар № 13 сұрабы;

Сәйкестік туралы декларация тіркелген күнінен 06.06.2015 ж.

дейін жарамды



Бердін Д.А.

ҚТЖ және ұлттық бақылаушының (СӨБ) уәкілетті тұлғасы
қарама-қарсы және өкілеттілігіне қатысты

Сәйкестік туралы декларацияның тіркеу туралы мәліметтер

КО сәйкестік туралы декларациясының тіркеу нөмірі № КЗ.3510317.24.01.00111

Сәйкестік туралы декларацияның тіркеу күні 06.06.2014 ж.

Б қосымшасы

 Association of Halal Industry of Kazakhstan Association of Legal Entities (AHK)	«ASSOCIATION «HALAL INDUSTRY OF KAZAKHSTAN» ASSOCIATION OF LEGAL ENTITIES («AHK»)
 Jabatan Kemajuan Islam Malaysia	
 STANDARDS MALAYSIA Kementerian Perdagangan Malaysia (KITA) Ministry	HALAL CERTIFICATE
 IHI Alliance International Halal Integrity Alliance International Halal Integrity Alliance	
 Muslims Islamic Chamber Of Commerce Berikutnya Dan Bersejarah	№ AHKKZ-472
 Muslim Chamber Of Commerce Malaysia (MPC)	АО «LOTTE PAXAT»/«LOTTE Rakhato» JSC
 KITA Kementerian Perdagangan Malaysia (KITA) Ministry	Кондитерская фабрика / Confectionery factory
 АО «ННЦ»	Республика Казахстан, 050002, г.Алматы, ул.Зенкова,2А Republic of Kazakhstan, City of Almaty, 050002, Zenkov Str. 2A
UNITED STATES OF AMERICA KITA (KITA) Ministry KITA (KITA) Ministry KITA (KITA) Ministry KITA (KITA) Ministry	Confirms that the entire production cycle of «Halal» products and services is carried out in accordance with international standards: MS 1500:2019; IHI-Alliance; IHIA-0200:2010; IHIA-0600:2010.
	تم التأكيد على أن دورة الإنتاج الكاملة للمنتجات والخدمات «حلال» تتم وفقاً للمعايير الدولية MS 1500:2019 ; IHI-Alliance ; IHIA-0200:2010 ; IHIA-0600:2010
Attached to the certificate : annex «A» A certificate of registration of the Republic of Kazakhstan, serial No. 22877 Республика Казахстан, г.Алматы, ул.Зенкова, 2А	Подтверждает, что весь цикл производства продукции и услуг «Халал» осуществляется согласно международным стандартам: MS 1500:2019; IHI-Alliance 0200:2010; IHI-Alliance 0600:2010.
Date of expiry from: 28.03.2025	to 27.03.2026
Marat A. Sarsenbayev Chairman	«Халал» өнімдері мен қызметтерінің бүкіл өндірістік циклі халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылатыны расталады: MS 1500:2019; IHI-Alliance 0200:2010; IHI-Alliance 0600:2010.

В қосымшасы

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СИСТЕМА ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



KZ.Q.01.0318
QMS



СЕРТИФИКАТ СООТВЕТСТВИЯ

зарегистрирован в реестре данных
государственной системы технического регулирования
от 16.06.2022 г.
№ KZ.Q.01.0318.C22.017157
Действителен до 16.06.2025 г.
Дата первичной сертификации: 22.06.2016 г.

ОРГАН ПО ПОДТВЕРЖДЕНИЮ СООТВЕТСТВИЯ

БИН 001040000498, АО "Национальный центр экспертизы и сертификации", Республика Казахстан, г.Нур-Султан, Сарыаркинский район, ул. Ауэзова 28/1

НАСТОЯЩИЙ СЕРТИФИКАТ ВЫДАН

БИН 920540000128, АО "ЛОТТЕ Рахат", Республика Казахстан, г.Алматы, Медеуский район, улица Зенкова, дом 2А

И УДОСТОВЕРЯЕТ, ЧТО

Система менеджмента качества

ПРИМЕНИТЕЛЬНО К

(область сертификации согласно Приложению)

СООТВЕТСТВУЕТ ТРЕБОВАНИЯМ

СТ РК ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Система менеджмента качества. Требования»

Руководитель органа по подтверждению
соответствия или уполномоченное им лицо

М. АНЕСОВ

Эксперт-аудитор

С. ДЕГЕМУРЗАНОВА

ГОСУДАРСТВЕННАЯ СИСТЕМА
ТЕХНИЧЕСКОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ПРИЛОЖЕНИЕ

к сертификату соответствия
от 16.06.2022 г.

№ KZ.Q.01.0318.C22.017157
Действителен до 16.06.2025 г.



Область сертификации,
на которую распространяется действие сертификата соответствия

№ п/п	Код ОКЭД	Область сертификации системы менеджмента
1	10.72.0, 10.82.0	Производству и хранению кондитерских изделий в г. Алматы
2	10.72.0	Производство сухарей и печенья, мучных кондитерских изделий длительного хранения
3	10.82.0	Производство какао, шоколада и сахаристых кондитерских изделий

Руководитель органа по подтверждению
соответствия или уполномоченное им лицо

М. АНЕСОВ

Эксперт-аудитор

С. ДЕГЕМУРЗАНОВА

Halal Services Alliance

HALAL PRODUCT CERTIFICATE



Тірк. №/Per. № 01-313

Бұл сертификат «Рахат» АҚ Halal Services Alliance бақылауымен адал (halal) өнімдерін келесі аймақта өндіретінін растайды:

Этот сертификат подтверждает, что АО «Рахат» производит halal продукты под контролем Halal Services Alliance в следующем регионе:

**АО «Рахат»,
РК, г. Алматы, ул. Зенкова 2а**

Келесі өнімдер құрамында арам немесе күмәнді қоспалар жоқ болғандықтан, адал (halal) деп танылады:

Следующие продукты не содержат haram или сомнительных ингредиентов, поэтому являются halal:

Өнімдер тізімі №1 қосымшада

Список продукции в приложении №1

Төраға/
Председатель



Сертификат 15.03.16 – 15.03.17 аралығында жарамды
Сертификат действителен: с 15.03.16 по 15.03.17

Halal Services Alliance /010000, Астана қ., Қазақстан
WWW.INHALAL.ORG

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық техникалық зерттеу университеті
6B07501 – «Стандарттау және сертификаттау» білім беру бағдарламасы
бойынша, 4 курс студенті Күлүмжан Әсем Жанатқызы
«Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растауды ұйымдастыру» тақырыбына жазылған
дипломдық жұмысына

СЫН ПІКІР

Тақырып өзектілігі. Қазіргі таңда халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тікелей әсер ететін тағам өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету — өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты тамақ өнімдерінің сәйкестігін растау жүйесін ұйымдастыру және оны жетілдіру — отандық өндіріс саласының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Бұл дипломдық жұмыс аталған саланың өзекті мәселелерін қарастырып, оларды жүйелі түрде зерттеуге арналған.

Мазмұны мен құрылымы. Дипломдық жұмыс құрылымдық жағынан талаптарға сәйкес келеді және үш негізгі бөлімнен тұрады: теориялық, талдамалық және практикалық. Бірінші бөлімде сәйкестікті растау ұғымының теориялық негіздері мен халықаралық тәжірибелері қарастырылған. Екінші бөлімде нақты өндіріс орнында жүргізілген талдау нәтижелері берілген. Үшінші бөлімде ұсыныстар мен жетілдіру жолдары ұсынылған. Әр бөлім нақты мазмұнмен толықтырылған, сызбалар мен кестелердің көмегімен түсіндірілген.

Тақырыптың жаңалығы мен практикалық маңызы. Жұмыста ұсынылған кейбір әдістемелік шешімдер мен сапаны басқару механизмдерін жетілдіру жолдары өндірістік кәсіпорындарда кеңінен қолдануға болады. Автор ұсынған тәсілдер тағам өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, стандарт талаптарына сәйкестігін арттыруға бағытталған.

Жұмыстың көлемі. Дипломдық жұмыс компьютермен терілген, 44 беттен, жұмыс 9 кесте, 3 қосымшамен көркемделген. Қолданылған әдебиеттер саны – 12, олар дипломдық жұмыстың құндылығын арттырған.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдау. Күлүмжан Әсем алдына қойылған міндеттерді орындаған, тақырыбына сәйкес ғылыми әдебиеттер жинап, әдебиеттерге шолу жазған, сынау процесі жүргізілетін өнімнің сапасын сараптап талдаған.

Дипломдық жұмысты «90» бағалай отырып, ол өзектілігі, практикалық маңызы жағынан қойылатын талаптарға сай және Мемлекеттік аттестациялау комиссиясы алдында қорғауға ұсынылсын деп ұйғардым.

Пікір беруші,

В.Г. Фесенков атындағы астрофизикалық институттың
аға ғылыми қызметкері, PhD



Тыченгулова А.Ж.

**Протокол приема работы Оператором Системы и подтверждения
идентичности письменной и электронной версий**

1. Автор: Куликов Алексей Иванович
2. Название: Технический отчет о работе на учебной установке
3. Координатор: Байматов Г.Н.
4. Оператор системы: Кенбай А.
5. Дата загрузки работы: 03.06.2015
6. Подразделение: Станция технического обслуживания и контроля
7. Тип документа: Дипломная работа
8. Результат проверки: _____
9. Количество страниц: 45
10. Номера страниц, назначенных для сравнения: _____

Работа в письменной версии идентична электронной версии

Кенбай А.В. Кен -

Ф.И.О. Подпись Оператора Системы

Настоящий протокол был составлен в двух экземплярах,
предназначенных для:

- Автора выпускной работы
- Оператора Системы

Протокол

о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

Автор: Күлүмжан Әсем Жанатқызы

Соавтор (если имеется):

Тип работы: Дипломная работа

Название работы: Тамақ өнімдерінің сәйкестігін растауды ұйымдастыру процесі

Научный руководитель: Галымбек Баймаханов

Коэффициент Подобия 1: 2.5

Коэффициент Подобия 2: 2

Микропробелы: 0

Знаки из других алфавитов: 20

Интервалы: 0

Белые Знаки: 1635

После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:

- ☐ Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- ☐ Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- ☐ Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- ☐ Обоснование:

Дата 04.06.2025

проверяющий эксперт